

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2022 жылғы 23 маусымдағы
№ ДС-212 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің ішкі қант нарығындағы жағдайға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасына тарифтік жеңілдікті қолдана отырып, 350 мың тонна көлемінде ақ қант пен құрақ шикізаты қантын әкелу құқығы берілді. Бүгінгі таңда 250 мың көлеміндегі квоталар сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлінді, сондай-ақ 100 мың тонна квотаны мынадай пропорцияда бөлу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде:

- қант зауыттарына – өңдеу үшін шикі құрақ қантын және ішкі нарықта өткізу үшін ақ қантты әкелуге квота көлемінің 85% -ы мөлшерінде;
- құрамында қант бар өнімдерді өндірушілерге квота көлемінің 15% мөлшерінде – «экстра» санатындағы қантты әкелуге.

Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің ағымдағы жылғы 21 маусымдағы №102 шешіміне сәйкес бөлінген квотаны пайдалану мерзімі **ағымдағы жылғы 31 қазанға дейін** ұзартылды.

Бұл ретте, ішкі нарықтың қантпен қажеттілігін қамтамасыз ету үшін Еуразиялық экономикалық одақ деңгейінде қант өндірісі мен тұтыну теңгеріміне сүйене отырып, қосымша квота көлемін бөлу мәселесі пысықталуда.

Қанттың ішкі нарығындағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге (суармалы егістік/ тәлімі жерлер) талдау жүргізу, қант зауыттарының қуаттарын жүктеу үшін қажетті егіс алаңдарымен қамтамасыз ету, су үнемдеу технологияларына арналған алаңдарды кеңейту, суару желілерін реконструкциялау және салу жөніндегі бес жылдық кезеңге арналған іс-шаралар жоспары әзірленеді, зауыттарды салу және жаңғырту, саланы ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау, тарифтік

және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану, мемлекеттік қолдау шараларын көрсету (айналым қаражаты, салық преференциялары, базалық субсидияларды сақтау және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, шикі қантты жеткізудің балама жолдары пысықталды және қазақстандық зауыттардың жыл бойы жұмыс істеуі үшін шикізатты сатып алуға жеңілдікті айналым қаражатын беру жөніндегі бірыңғай операторды айқындау мәселесі пысықталуда, бұл, өз кезегінде, қанттың баға белгілеуін және ішкі жеткізілімдерін тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Р. Скляр

А. Тоқтарова
74-53-21